

06.09.2021 жыл

Қамқоршылық кеңесі отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

Катысқандар: 9

Катыспағандар: 0

I. Күн тәртібі

1. 2021-2022 оку жылына арналған ҚС төрағасы мен мүшелерін сайлау.
2. Мектепке жол акциясы.

II. Тындалды

1. Г.Жумагалиева – жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі: ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын негізге ала отырып, 2021-2022 оку жылының қамқоршылық кеңестің мүшелері төмендегі құрамда бекітілді:

1. А.Бикол – ата-ана, кеңес төрағасы;
2. Г.Ашимханова – ауыл тұрғыны, кеңес мүшесі;
3. С.Қабдолов – ТОО «ISAPA» менеджері, кеңес мүшесі;
4. М.Рахманова – ата-ана кеңес мүшесі;
5. А.Тажаяков – жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі;
6. Д.Шорманов – «Eurasian Bank» директоры орынбасары, кеңес мүшесі;
7. Г.Жумагалиева – жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі;
8. А.Джумашева – ІОПТ-ң аға УПИ-ы полиция майоры, кеңес мүшесі;
9. Н.Бахтиярова - жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі.

Сойлеушілер:

1. А.Тажаяков – жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі: Қамқоршылық кеңестің құрамына жана оку жылына арналған жұмыс жоспарын ойластыруды және кейіннен жұмыс жоспарын талқылау және бекіту жұмыстарын тез арада жасалуын етінді.

2. Н.Бахтиярова - жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі: 2021-2022 оку жылының басында статустагы оқушылардың құжаттарын реттеп, жаңа оку жылына тізім жасалынды. Оку жылы басында 15 отбасы құжат тапсырган болатын. Тізімге сәйкес мектебімізде 39 аз қамтылған оқушылар анықталды.«Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, арнайы комиссия құрылды. Демеушілер іздестіріліп, нәтижесінде «Еуразиялық банк» бөлімшесі басшылығы мектебіміздің аз қамтылған 7 отбасыға оку құралдарын сатып алыш берді. Тағы да бір демеушіміздің аркасында 8 «а» сынып оқушылары жағдайы төмен отбасы ретінде Дағыс Самат пен Мәдиқызы Мадина мектеп формасымен қамтамасыз етілді. Жыл сайынғы мектептен бөлінетін мөлшерлік қаражатқа арнайы жеке кәсіпкерден мектебіміздің 50 оқушысына оку құралдары сатып алынды.

III. Шешім

1. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы бекітілсін.
2. А.Бикол 2021-2022 оку жылына арналған Қамқоршылық кеңес төрағасы болып тағайындалсын.
3. Мектебіміздің аз қамтылған оқушылар отбасы назардан тыс қалмауы кадағалансын.

ҚҚ төрағасы: А.Б1 А.Бикол

ҚҚ хатшысы: Тұрғ. С.Қашқынғалиева

8 сәуір 2021 жыл

Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепте өткен қамкоршылық кеңес жиналышының

Хаттамасы

№4

Катысқандар: Қамкоршылық кеңесінің 9 мүшесі

- 1.А.Бикол –8 – сынып- ата – ана
- 2.Г.Ашимханова – ауыл тұрғыны
- 3.С.Кабдолов – ТОО «ISAPA» менеджері.
- 4.М.Рахманова – 7- сынып - ата – анасы.
- 5.У.Айнабеков – «Транс – сервис Акжол» директоры.
- 6.С.Сагиндыков -4- сынып- ата – анасы.
- 7.Г.Жумагалиева – жеке кәсіпкер
- 8.А.Сактағанова – мектеп инспекторы.
- 9.Н.Бахтиярова – жеке кәсіпкер.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Хисамеденова А.С.

Күн тәртібі:

- 1.Жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары.

Хабарламашы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Хисамеденова А.

- 2.Мектеп ауласын көгалдандыру.

А.Бикол - Қамкоршылық кеңестің төрағасы

Тындалды: Хисамеденова А. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрган басты міндеттердің бірі -балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмагандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Құқық бұзушылықты болдырмау максатында оқу жылының басынан бері біздің мектебімізде жоспарға сай жұмыстар атқарылып келеді. Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғам-дық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрган балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына аланда мауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағала мауынан пайда болады. Қазір онлайн уақытында балалар арсында құқық бұзушылық көбейіп барады. Сондықтан құқық бұзушылықтың алдын –алуда ата –аналармен зум арқылы жиналыштар өткізіліп, акпараттық жұмыстар жүргізілсе, окушыларға тәрбиелік шараларды сынып жетекшіллери өз уақытында өткізіп отырады.

2- мәселе бойынша хабарламашы мектеп ауласын көгалдандыруға қатысты шаралар осы қамкоршылық кеңестің өзара ақылдасуы нәтижесінде жүргізілгенін айтып өтті. Мектеп ауласына талдар егіліп, тазалық жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Сөйлеушілер: Г.Ашимханова – ауыл тұрғыны

Қазіргі таңда ауасын жұтып, сүйн ішіп отырған табиғат -ананы қорғап, аялау – барша жұрт үшін тіршілік қамы, табиғат қажеттілігі. Жас үрпақты өзі мекен еткен табиғи ортасын әсемдігін сезінуге, тазалығын сактауға, қоршаған ортаға мейірімділікпен, жанашырылықпен камкор болуға, мектеп ауласын және сынып бөлмелерін көгалдандыру арқылы өсімдік әлеміне жауапкершілігін, қызығушылығын арттырып, айналамызды үлкендер балаларға өзі үлгі болып, жол бастай алады. Сондықтан бізде мектеп ауласын көгалдандыруға қолдан келгенше қомектесіп отырамыз. Үйімізден талдар әкеліп, мектепке өз көмегімізді беріп отырамыз.

Шешім:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтарының алдын алу шараларына қолдау көрсету ата – аналар назарына берілсін.
2. Мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстарын жандандыра түсуге атсалысу кеңес мүшелеріне тапсырылсын..

Мәжіліс төрағасы:
Хатшысы:  Бикол.А
Қашқынғалиева С.С.

10.05.2020 жыл

Қамкоршылық кеңесі отырысының

№4 ХАТТАМАСЫ

Катысқандар: 9

Катыспағандар: 0

I. Күн тәртібі

1. Карантин кезінде қын өмірлік жағдайға тап болған отбасылар үшін техниканы қамтамасыз етуге жәрдемдесу.
2. Ардагер ұстаздарға көмек көрсетуді ұйымдастыру.

II. Тыңдалды

1. Г.Ашимханова – ауыл тұрғыны, кеңес мүшесі: Үкімет әр отбасының мәселесіне жеке үніліп тікелей отбасылармен жұмыс істейді. Аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау мақсатында «Өрлеу» бағдарламасы қолданыска енгізілген болатын. Аталған бағдарлама халықтың аз қамтылған санатын әлеуметтік қолдауға арналған. Бұл жоба – аз қамтылған отбасыларға шартты ақшалай көмек төлеумен катар, еңбекке қабілетті отбасының мүшелерін жұмыспен қамтуды мақсат етеді. Отбасының әрбір еңбекке қабілетті мүшесі шартты ақшалай көмек ала отырып, «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасына қатысады. Кейіннен жұмыска орналастырылады, бұл өз кезегінде аз қамтылған отбасы құрамынан шығуға иегіз болады. Алайда бағдарламаға қатысушыларға қойылатын талаптар өзгертіліп, кейбір отбасылар қатыса алмауда. Көптеген тұрмысы төмен отбасылар бұл бағдарламадан сырт қалып отыр. Яғни, жаңа талаптар бойынша әлеуметтік жәрдемақылар отбасының жағдайын, мәселесін жекеше түрде қарастыру керек деп ойлаймын. Шекіртакы, зейнетакы, мүгедектік бойынша төленетін жәрдемақылар, балаға төленетін жәрдемақылар отбасының кіріс болып есептелмеуі керек қой. Балаға жұмсалатын ақша болады. Әр отбасының жағдайын, мәселесін жекеше түрде қарастыру керек. Отбасының бір мүшесі жұмыссыз отырса, оның жұмысқа тұруына, не қәсібін бастауга да уакыт, ынталандыру қажет.

2. Г.Жумагалиева- жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі: Ұлагатты ұстаздарымызды ұлықтау мақсатында сәүір айында « Ұрпактар сабактастыры акция басталған болатын. Т.Куттыгурова, Б.Бисенгалиева сынды ұстаздарымызben 11 сынып оқушылары және жас мамандар кездесіп, сұхбаттасып, өз сыйлықтарын берді. Алдағы уақытта бұл акция жалғасын табады. Жоспар жасалуда.

А.Бикол – қамкоршылық кеңестің төрағасы:

Қамкоршылық кеңеске әлі де сауықтыру іс-шараларын көбірек өткізуге және сапалы жоспардың болуын тапсырды.

III. Шешім

- 1.Карантин кезінде қын өмірлік жағдайға тап болған отбасылар үшін техниканы мектеп назарынан тыс қалмауы қадағалансын.
2. Ардагер ұстаздарға көмек көрсету ұйымдастырылсын.

ҚК төрағасы: А.Бикол А.Бикол
ҚК хатшысы: С.Қашқынгалиева С.Қашқынгалиева

15.02.2020 жыл

Қамқоршылық кеңесі отырысының

№3 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: 9

Қатыспағандар: 0

I. Күн тәртібі

1. Кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізуге жәрдем көрсету
2. Ерекше балалар мен ата-аналар үшін кедергісіз білім беру ортасын ұйымдастыруға жәрдемдесу.

II. Тындалды

1. Н.Бахтиярова - жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі: Атап айтсақ 2019 жылы кәсіптік бағдар беру кабинетінің жоспары бойынша әр апта сайын мектепте «Кәсіптік бағдар» күні ұйымдастырылды. Шарага мектептің 9-11 сынып окушылары қатысты. Шара жоспар бойынша жүргізіліп толық ақпарат берді. Кездесуде мектеп окушылары сұрақтар койды. Сауалнамалар жүргізілді.
2. Г.Жумагалиева- жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі: Инклузивті білім беру ортасы- білім беру процесінің барлық субъектілеріне тиімді өзін-өзі дамыту мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім беру. Кеңістіктік-пәндік компонент - бұл мекеменің колжетімді (кедергісіз) сәулет-кеңістіктік және материалдық мүмкіндіктері; балалардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін қазіргі заманғы құралдармен және жүйелермен қамтамасыз етілуі. Мектепте ішін ерекше балаларға ешқандай кедергі келтірмейтін заттардың болмауын, оларға барлығы қолайлы болуын қадағаланды.

Сөйлеуші: А.Бикол – қамқоршылық кеңестің төрағасы: Кеңес мүшелеріне ерекше балалар мен ата-аналарына білім алуда келтірілетін кедергілердің болмауын қадағалау керектігін баса айтты. Алдағы уақытта ерекше балалардың накты тізімін шығарып, тапсыруын ескертті.

III. Шешім

1. Бітіруші тұлектерге толыққанды түрде кәсіптік бағдар беру жұмыстары күштейтілсін.
2. Ерекше балалар кедергісіз білім беру ортасын дұрыс қалыптастырып, жұмыстары тапсырылсын.

КК төрағасы: А.Б. А.Бикол
КК хатшысы: С.Қашқынғалиева

17 қыркүйек 2020 жыл

Қ.Сэтбаев атындағы орта мектепте өткен қамқоршылық кеңес жиналысының

Хаттамасы №1

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің 9 мүшесі және Хисамеденова А.С.- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

- 1.А.Бикол –8 – сынып- ата – ана
- 2.Г.Ашимханова – ауыл тұрғыны
- 3.С.Кабдолов – ТОО «ISAPA» менеджері.
- 4.М.Рахманова – 7- сынып - ата – анасы.
- 5.У.Айнабеков – «Транс – сервис Акжол» директоры.
- 6.С.Сагиндыков -4- сынып- ата – анасы.
- 7.Г.Жумагалиева – жеке кәсіпкер
- 8.А.Сақтағанова – мектеп инспекторы.
- 9.Н.Бахтиярова – жеке кәсіпкер.

Хисамеденова А.- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Күн тәртібі:

- 1.Қамкоршылық кеңестің төрағасын сайлау.
- 2.Қамкоршылық кеңестің мақсаты, бағыттары, функциялары.

Тындалды: Хисамеденова А.- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кеңес құрамына жергілікті атқарушы және құқық қорғау өкілдері, коммерциялық емес үйымдардың өкілдері, ата-аналар комитеті ұсынған әр сынып ата-аналары, кайырымдылық жасаушылар бар екендігін айта келе, оның құрамы қалалық білім болімінің басшысымен бекітілгенін атап өтті. Бұғынгі жиналыстың мақсаты қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау керектігін айтты.

Қамқоршылық кеңестің ережелері «Білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген.

Қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру үйымына қолдау көрсету, қаржылық колдауды қамсыздандыру, материалдық – техникалық базаның нығаюына көмек көрсету, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу.

Қамқоршылық кеңесінің бағыттары: білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс – шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларын және жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру үйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру үйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тындал, қабылдау.

Қамқоршылық кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланатын **оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы** болып табылады. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан арнайы өкілеттіксіз әрекет етеді, оны білім беру үйымының, мемлекеттік органдар және басқа да тараптар алдында таныстырады. Төраға Қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес камтамасыз етеді.

Хатшыны Қамқоршылық кенес сайлайды және ол Қамқоршылық кеңестің іс-қағаздарын жүргізуге жауп береді.

Қамқоршылық кеңестің отырыстары оның жұмыс жоспарына сәйкес, жылына кемінде бір рет өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар қажеттілікке карай Қамқоршылық кенес төрағасының шешімімен немесе Қамқоршылық кеңестің төрттен бір мүшелерінің талаптары бойынша өткізіледі.

Қамқоршылық кенес мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырыска қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Қамқоршылық кеңестің шешімі ашық дауыс берумен оның қатысып отырган мүшелерінің басым көшпілігінің даусымен қабылданады.

Қамқоршылық кенес жұмысының мақсаттары:

- 1) білім беру үйіміна оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;
- 2) білім беретін оку бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру үйімінің оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 3) білім беру үйіміна қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;
- 4) білім беру үйімінің әрі қарай дамуына ықпал ету;
- 5) білім беру үйімі жұмысының, оның ішінде қаржы қаржаттарын бөлу жұмыстары үшін қоғамдық бакылауды жүзеге асыру.

Сөйлеушілер: С.Кабдолов – ТОО «ISAPA» менеджері.

Қамқоршылық кенес төрағасына осы мектепте балалары оқитын Ақылбек Биколды ұсынамын. Өйткені ол адам жауапкершілікті түсіне біледі және адамдармен де тез тіл табыса алады. Кенес мүшелері ұсынысқа қолдау білдірді.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып А.Бикол сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмысын жүйелі түрде жүзеге асыру кенес мүшелеріне міндеттелсін.
3. Қайырымдылық шараларын үйімдастыру жұмыстары жүзеге асырылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы : 

Бикол.А.

Қашқынғалиева С.С.

20.08.2019 жыл.

Атырау қаласы. Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебі
Камкоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысының
Хаттамасы

Қатысқандар: кеңес мүшелері және Атырау облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің бақылаушысы Ф. Турекешов.

Күн тәртібі: 1. Қ. Сәтбаев атындағы орта мектебіне директорлық лауазымға конкурс бойынша құжат тапсырған кандидаттың кандидатурасын талқылап, қалалық білім бөліміне ұсыныс беру.

Тындалды: 1.3.Шмаров – Камкоршылық кеңестің төрагасы.

Атырау қалалық білім болімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 619 «Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы бүйрүғы бойынша «Қ. Сәтбаев атындағы орта мектебіне» директорлық лауазымға құжат тапсырған Махметова Айғаным Шаймарданқызының кандидатурасын талқылауды кеңес мүшелеріне ұсынып, өз пікірін ортаға салды.

А.Ш.Махметованың осы мектептегі басқару қызметінде жұмыс жасаганына 21 жыл. Директорлыққа осы бір кандидат, басқа өзін ұсынып отырған кандидат жоқ. Айғаным қазіргі уақытта мектептің оку тәрбие ісінің меңгерушісі болып жұмыс жасайды. Өзіміздің ауылда тұрады. Жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын жақсы біледі. Өзінің іскерлігімен, ұйымдастыруышылық қабілетімен, білімімен көпшілікке кеңінен танымал Айғаным Шаймарданқызы алдағы уақытта мектебіміздің биіктен көрінуінде аянбай еңбек етіп және кейбір шешімін таппаған мәселелерді шешуде осы Камкоршылық кеңесімен бірлесе отырып жұмыс жасайды деп оған үлкен сенім артып, мектеп директорлығына ұсынған кандидатурасына қолдау білдіремін.

Сөйлеушілер: 1. Ә.Тажаяқов – қеңес мүшесі.

«Таланттыга нұр жауар» дегендегі, мектебімізге директорлыққа өз кандидатурасын ұсынған А.Ш.Махметова осы мектепте басқару қызметінде еңбек етіп жүрген ұстаз. Оны бәріміз танимыз, білім саласындағы еңбектерін де білеміз. Педагогикалық ұжымды басқару, білім мен тәрбие, ата – анамен байланыс жасау ісі ерекше еңбекті қажет ететін жауапкершілігі зор жұмыс. Мектеп басшысы ұжымның ең жақын жанашыры әрі ақылшысы. Мұны Айғаным Шаймарданқызы жақсы түсіне біледі.

А.Махметова ұжым арасында беделді, адамдардың бәрімен тез тіл табыса алатын адамгершілігі мол ізгі жан. Сондықтан да директорлық лауазымға кандидатурасын ұсынып отырған А.Ш.Махметова келешекте мектебіміздің

кандидатурасын ұсынып отырган А.Ш.Махметова келешекте мектебіміздің материалдық базасын жақсартып, білім мен тәрбие ісінің нәтижелі болуы жолында өз жұмысын жауапкершілікпен атқарады деп есептеп, оның кандидатурасына қолдау білдіремін.

2. А.Қайненова – кеңес мүшесі.


Мектеп директорлығына өз кандидатурасын ұсынып отырган А.Ш.Махметовага қолдау білдіремін. А.Ш.Махметова - өз ісінің маманы. Қандай киын мәселе болса да шешімін табуға жұмыстанады. Келешекте А.Махметова мектебіміздің дамуына, өркендеуіне өз үлесін қосып, үлкен жетістіктерге жетеді деп сенім артамын.


3. Кеңес мүшелері өз пікірлерін айттып, А.Ш.Махметованың кандидатурасын қолдады.

Қамқоршылық кеңесі шешім етеді.

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 619 «Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 21 актандығы №57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығы бойынша «Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебіне» директорлық лауазымға Махметова Айғаным Шаймарданқызының кандидатурасын Қамқоршылық кеңесінің мүшелері бірауыздан қолдайды.

Қамқоршылық кеңес отырысының тәрағасы:  З.Шмаров

Хатшы:  Д.Далабаева

20.12.2021 жыл

Қамқоршылық кеңесі отырысының

№2 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: 9

Қатыспағандар: 0

I. Күн тәртібі

1. КР Президенті атынан, кала әкімі атынан 2021жылдың Жаңа жылдық шыршаларына қатысатын ата-ана қамқорлығының қалған, аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушылардың тізімін бекіту.
2. Мектеп инспекторының есебі

II. Тындалды

1. А.Тажаяков -жеке кәсіпкер: Қамқоршылық кеңесте Жаңа жылдық шыршага қатысушы оқушылардың тізімін карастыру үсінілді. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын талдай келе, төмендегі оқушыларға сыйлықтар беру үсінілді.

КР Президентінің сыйлығы: Құрман Бексұлтан ;

Кала әкімінің сыйлығы: Исмагулова Айсана, Аянқызы Інкәр, Байтекенова Адия, Арманұлы Дінмұхамед, Құрманбайқызы Айбебек, Кенжеғалиев Нұрсәт, Құспан Есімхан, Эдуард Адия, Әбенұлы Мереке, Алибаев Нұрлыбек, Нуришев Рамазан, Байзулла Ерасыл, Талғат Бекслан.

2. А.Сақтағанова – мектеп инспекторы: Жасөспірім балалар арасындағы қылмыстың алдын алу тақырыбында оқушылармен ашық әңгіме жүргізу. Зорлық зомбылық, жаяу жүргінші жол ережесін сактау, бөтеннің мүлкін ұрламау, тұнгі рейттер үйімдастыру жұмыстары жүргізілді. Заңды өкілісіз жүрген жасөспірім балаларды анықтау және бакылауға алу жұмыстары да жүргізілуде.

Сейлеушілер:

1. М.Рахманова – ата-ана қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Жаңа жылдық шыршага қатысатын оқушыларды әлеуметтік жағдайына қарай дұрыс бөлдік деп есептеймін.

Кенес мүшелері де М. Рахмановының сөзіне қолдау білдірді.

2. Д.Шорманов – кенес мүшесі: Жасөспірімдерді құқықтық сауаттылыққа баулу – ен маңызды жұмыс. Сондықтан инспектор бұл бағытта дұрыс жұмыс жасап жатыр деп есептеймін. Бізде, кенес мүшелері де, мұндай жұмыстарға бакылау жүргізіп отырамыз.

III. Шешім

1. КР Президенті атынан, әкімдік атынан Жаңа жылдық шырша мен сыйлықтар алатын оқушылар тізімі бекітілсін.
2. Жасөспірімдердің қогамда өзін-өзі ұстау кабілеті, жаман әдеттерден аулак болуына атсалысу кенес мүшелерінің назарына берілсін.

ҚҚ төрағасы: А.Б. А.Бикол

ҚҚ хатшысы: С.К. С.Кашқынғалиева

21.12.2019 жыл

Қамкоршылық кеңесі отырысының

№2 ХАТТАМАСЫ

Катыскандар: 9

Катыспағандар: 0

I. Құн тәртібі

- Мектеп оқушылары үшін сапалы ыстық тамактың ұйымдастырылуын бақылау
- Мектепте әлеуметтік-мәдени және сауықтыру іс-шараларын өткізуге жәрдемдесу

II. Тыңдалды

- A.Тажаяков- жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі:** Қ.И.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебі бойынша мектебімізде ыстық тамақпен қамту мақсатында жұмыстар жүргізіліп келеді. Бастауыш оқушыларын және әлеуметтік осал топ балаларын ыстық тамақпен қамту жақсы жолға қойылған. Істық тамақпен қамтылған барлық бала саны - 150. Оқу жылдарында ата-аналар қоғамы мен мектеп әкімшілігі қатарынан бракераждық комиссия құрылды. Мониторинг комиссиясы, бракераж комиссиясы айға 2 рет рейд жүргізіп акттар жасақталады. Комиссия мүшелері дайын және шикі өнімнің сапасын бақылау үшін мониторинг жүргізді. Асханада санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын тексерді. Асханада оқушылардың тамақтану ережелерінің және уақытылы тамақтануларының қатаң сақталуын жауапкершілікпен қадағалау мақсатында сынып жетекшілері мен мұгалімдердің кезекшілік кестесі күрілшіл, бекітілді. Кезекшілер оқушылардың уақытында тамакқа баруын қадағалау отырады. Мектеп асханасы 1 қабатта орналаскан.

Сойлеушілер:

- Г.Жумагалиева- жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі:** Балаларды сауықтыру мақсатында әртүрлі мәдени-әлеуметтік іс-шаралар өткізуі қадағалануда. Әр іс-шара өз деңгейінде өтіп жатыр. Оған қажетті заттармен кеңес мүшелері және спонсорлар қамтамасыз етті. Оқу жылдарында аяғында оқушыларға ариалған жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру жоспары жасалуда. Оған қатысатын балалар тізімі әзірленуде.

2. А.Бикол – қамкоршылық кеңестің төрағасы:

Қамкоршылық кеңеске әлі де сауықтыру іс-шараларын көбірек өткізуге және сапалы жоспардың болуын тапсырды.

III. Шешім

- Істық тамақтың ұйымдастырылуы ай сайын қадағалансын.
- Мәдени, сауықтыру шаралары көбейтілсін. Жоспар толықтырылсын.

ҚҚ төрағасы:  А.Бикол

ҚҚ хатшысы:  С.Қашқынғалиева

25 желтоқсан 2020 жыл

К.Сәтбаев атындағы орта мектепте өткен қамқоршылық кеңес жиналышының

Хаттамасы №2

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің 9 мүшесі және әлеуметтік педагог: Байдуллин А.
Мектеп психологы А.Утепкалиева

- 1.А.Бикол –8 – сынып- ата – ана
- 2.Г.Ашимханова – ауыл тұрғыны
- 3.С.Кабдолов – ТОО «ISAPA» менеджері.
- 4.М.Рахманова – 7- сынып - ата – анасы.
- 5.У.Айнабеков – «Транс – сервис Акжол» директоры.
- 6.С.Сагиндыков -4- сынып- ата – анасы.
- 7.Г.Жумагалиева – жеке кәсіпкер
- 8.А.Сақтағанова – мектеп инспекторы.
- 9.Н.Бахтиярова – жеке кәсіпкер.

Күн тәртібі: 1. Әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы, толық емес отбасынан шыққан балаларға материалдық көмек көрсету.

2.Кемелетке толмағандарға қатысты зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін жұмыстар.

А.Сақтағанова – мектеп инспекторы.

Тындалды: 1. Байдуллин А - әлеуметтік педагог Байдуллин А.

2019- 2020 жылы оку жылында пандемияның орын алуына байланысты әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары мемлекет тарапынан қашықтан оқытуға байланысты техникалық құрал – жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Трансұлттық компания қызметкери 1 дана гаджеттік телефон құрылғысын алып келіп, жартылай жетім 7«а» сынып оқушысы Мәдікізы Мадинаға табыс етті.

6 қамқорлықтағы оқушыларға, мүгедектігіне байланысты 4 үйден оқитын оқушыға, 2 көп балалы отбасынан шыққан, 1 жартылай жетім және 1 жетім оқушыға, бұған қоса ерекше және мүгедек балаларға арналған 27 оқушыға кәсіркөр А.Жантұрғанова тәтті сыйлықтарын ұсынуда.

2. А.Сақтағанова – мектеп инспекторы.

Қазіргі күнде тұрақты проблемалардың бірі отбасындағы зорлық - зомбылық мәселесі. Қоғамда зорлық – зомбылыққа жол жок. Зорлық – зомбылық құқықта – бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәні және психикалық ықпал жасауы деп айтылған. Зорлық – зомбылықтың алдын алу үшін біріншіден, мектеп мұғалімдері, психологтар, ата-аналар атсалысыу керек. Зорлық – зомбылықтың алдын алу, халықтың арасында құқықты тусіндіру, барлық адамдарға құрметпен қараша-сын қалыптастыру. Міне, осы мақсатта ата – аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізілді. Зорлық-зомбылықты алдын алу бойынша ата-аналарға арналған жадынамалар берілді. Мұндай жұмыстар алда уақытта да өз жалғасын табады.

Сөйлеушілер: Г.Жумагалиева – жеке кәсіпкер

1.Жасалып жатқан жұмыстар дұрыс бағытта жүргізіліп жатыр деп есептейміз. Бөлінген қаржы, демеушілердің сыйлықтары талапқа сай бөлінген. Сондықтан бізде қамқорлық кеңесі де әлеуметтік педагогтің жұмысына қолдау білдіреміз.

2. М.Рахманова – ата – анасы.

Кәмелетке толмагандарға қатысты зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін жұмыстар да бүгінгі күндеңі басты мәселелердің бірі. Сондыктан қамкоршылық кенесі ата – аналарға қолдау көрсетіп, ақыл – кенесімізді айтып отырамыз.

Шешім:

1.Әлеуметтік жағдайы тәмен, көп балалы, толық емес отбасынан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетуге қолдау білдірілсін.

2. Кәмелетке толмагандарға қатысты зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін жұмыстарға қолдау көрсетіп, атсалысып отыру кенес мүшелеріне тапсырылсын.

Мәжіліс тәрағасы:  Бикол. А.
Хатшысы :  Қашқынғалиева С.С.